

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ



Ленинградтық өренім



Ленинградтық өренім!

Ленинградтық өренім!
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін,
Өркеш-өркеш жарасқан
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған.
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!

Жасағам жоқ өмірді
Жау соққанын көргелі

Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат
Жаудың болуға ермегі,
Жауда қалып Ленинград,
Жаралғам жоқ көнгелі!-
Жасағамын өмірді
Жау біткенді жеңгелі;
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.
Судай тасып ел кегі.
Жолды кернеп қол кетті
Сендерге дем бергелі,
Нева алабын қорғандар,
Ленинградтың ерлері,
Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі

Өлеңнің жазылу тарихы

1941-1945 жылдар біздің Отанымыз үшін ең ауыр жылдар болды. Гитлер бастаған неміс басқыншылары соғыс жарияламай жерімізге енді. Нева жағасындағы Ленинград қаласы 900 күн қоршауда қалды. Халқымыз үшін бұл күндер – зұлмат күндер болды. Осы қайғылы жағдайға байланысты Жамбыл өзінің “Ленинградтық өренім” атты өлеңін арнады.

Глоссарий:

- қоршау – блокада, осада;
- Зұлмат – трагедия, бедствие;
- Арнады – посвятил.

Жамбыл Жабаев (1846-1945) көрнекті қазақ ақын- импровизаторы. Жамбыл Жабаев 1846 жылдың 28 ақпанында қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Ол қазақ даласында танымал болды. Атақты оған қырғыз батыр эпосы «Манас» шығармасының үзіндісі мен шығыс поэмалары «Шахнамә» және «Мың бір түн» әкелді.

Октябрь кезеңіне дейін Жамбылдың айтыстары мен өлеңдері сақталмады, ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп отырған. Олардың кейбір бөліктері ғана қалған. Олардың ішіндегі аса танымалдары: «Менің әкеме», «Шабданға», «Шалтабайға», «Қалиге» т.б.

1916 жылғы ұлт- азаттық көтеріліс кезінде Жамбыл халықпен бірге болып, көтеріліске белсенді қатысады. Ақын өз өлеңдерімен көтеріліске қатысушыларды патша режиміне қарсы тұруға шақырды. Осы жылдары Жамбыл «Зілді бұйрық», «Патша әмірі таралды» атты өлең-жырларын шығарды.

Хронологиялық кесте

№	жылдар	оқиғалар	өлеңдері
1.	1846	Жамбыл дүниеге келді.	
2.	1916	Жамбыл көтеріліске қатысады.	“Зілді бұйрық”, “Патша әмірі таралды”.
3.	1917	Қазан төңкерісінің куәгері болды	“Менің әкеме”, “Шабданға”, “Шалтабайға”, “Қалиге”
4.	1919	Жетісу ақындарының слетына қатысты	
5.	1934	1 Республикалық слетіне қатысты	
6.	1936	Мәскеуде қазақ өнерінің онкүндігі өткізілді	“Мәскеу”
7.	1938	Ромен Роллан мен М. Шолохов 75 жылдығымен құттықтады	
8.	1945	Қайтыс болды	

**Күз жасаған жүркетен,
Кырларымды төгейін.
Көктемнің күніндей,
Кауды жеңіп, күлімдеп,
Келгенінді көрейін!
Қаһарманым, күнім деп,
Беттеріңнен өбейін!...**

Ж.Жабаев



**Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үркей, көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылышты атым содан.**

Жамбыл







**Жамбыл қырғыз
ақындарының ортасында**



**Жамбыл мен Күләш
Бәйсейітова**

**М.Калинин Жамбылды
орденмен марапаттауда**



**Жамбыл және
Дина Нұрпейісова**

**Жамбыл және жазушы В.
Ивановпен әңгімелесуде**





**Жамбыл мен Ғабит
Мүсірепов**



**Жамбыл
халық
ақындарыны
ң ортасында**

**Шәкірті Кенен
Әзірбаев**





Жамбыл театры

**«Егер біз Жамбыл
даналығын тәу етіп,
ұлылығын ұлағат
тұтып жатсақ, оның
басты себебі Жамбыл
арманының адамзаттық
арман аңсарымен
ұласып
жатқандығында.
Сондықтан да қазақтың
Жамбылына
адамзаттың Жамбылы
ретінде құрмет көрсетіп,
өлмес рухының
алдында басымызды
иеміз»**

Н. Ә. Назарбаев

